

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуына отбасының ықпалы

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.12.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/172842/>**Аты-жөні:** Жумаханова Гулзира Калибаевна**Лауазымы:** Тәрбиеші**Алматы облысы****Қонаев қаласы****Заречный ықшам ауданы****12 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен МКМ**

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуына отбасының ықпалы

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі бала — бұл психологиялық, әлеуметтік, физикалық және эмоционалдық даму тұрғысынан маңызды кезеңдегі адам. Баланың тұлғасы, дүниетанымы, әдеттері мен мінез-құлқы осы кезеңде қалыптаса бастайды. Осы кезеңде отбасы үлкен рөл атқарады. Отбасы — баланың алғашқы тәрбиешісі, оған өмірге қажетті дағдыларды үйрететін, оның жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін негізгі орта болып табылады.

Отбасы — баланың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін алғашқы әлеуметтік орта. Оның қоршаған ортасы, қарым-қатынас стильдері, құндылықтары мен дәстүрлері баланың болашақта әлеуметтену процесіне тікелей ықпал етеді. Баланың отбасы - оның адамгершілік құндылықтары, көзқарастары мен ынталары қалыптасатын орны. Баланың дамуына тек білім беру арқылы ғана емес, жауапкершілік, қамқорлық, сүйіспеншілік, шыдамдылық арқылы үлес қосу маңызды. Баланың психоэмоционалдық дамуы, моральдық нормаларды игеруі, жеке тұлға ретінде ерекшеленуі көбіне отбасының тәрбиелік ықпалына байланысты.

Тәрбие мен білім беру

Отбасы баланың алғашқы тәрбиесін береді. Ата-аналар оның мінез-құлқына, дүниетанымына, өмірге деген көзқарасына алғашқы бағыттар береді. Мектеп жасына дейінгі бала өмірінде ата-ананың сөзі мен әрекеттері негізгі үлгі болып табылады. Балалар ата-аналардың қарым-қатынасын, олардың басқа адамдармен қалай сөйлесетінін, эмоцияларына қалай жауап беретінін көреді және осыларды қабылдап, өз тәжірибесіне енгізеді.

Эмоционалдық қолдау және қауіпсіздік

Баланың эмоционалдық дамуы мен қауіпсіз сезінуі үшін отбасының маңызы зор. Ата-аналар мен отбасы мүшелері баланың сезімдерін түсініп, оған сенім артып, эмоционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі керек. Бұл өз кезегінде баланың өзін-өзі бағалау деңгейін арттырып, тұлғалық сенімділігін нығайтады.

Әлеуметтік дағдылардың қалыптасуы

Баланың қоғамда өз орнын табуы, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы отбасында қалыптасады. Құндылықтарды үйрету, этикет ережелерін ұстану, үлкендермен, балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларының барлығы отбасының ықпалы арқылы қалыптасады. Отбасында балалар өзіне деген сенімділікті арттырып, әлеуметтік ортада өзін дұрыс ұстауды үйренеді.

Құндылықтарды, моральдық нормаларды меңгеру

Отбасы баланың өмірінде басты құндылықтарды сіңіретін орын болып табылады. Ата-аналар балаларын адалдыққа, жауапкершілікке, құрметке, мейірімділікке тәрбиелеуі қажет. Осы моральдық принциптер мектеп жасына дейінгі балаға бағыт-бағдар болып, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады.

Жеке тұлғаның қалыптасуы

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың жеке тұлға ретінде өзіндік ерекшеліктері байқалады. Ата-аналар балаға өзінің қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беруі қажет. Табысты ата-ананың құпиясы — шығармашылық. Ата-аналар балалардың оқу процесінің өзіне деген қызығушылығын дамытып, олардың шығармашылық ойлауын және өзін-өзі тәртіпке шақыруы керек. Жиі мадақтау, қолдау көрсету және нәтижелерді талқылау балаларға өз қабілеттеріне сенімді болуға және оқуды жалғастыруға мотивацияға көмектеседі.

Осы кезеңде шығармашылық, ойын арқылы баланың өзін-өзі танып білуі, болашақта қалыптасатын хоббиі мен дағдылары негізі қаланады.

Отбасы мен баланың арасындағы қарым-қатынас

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ата-аналарымен, басқа отбасы мүшелерімен болатын қарым-қатынас өте маңызды. Балалар ата-аналарынан жауапкершілікті,

жанашырлықты, сүйіспеншілікті, сенімділікті көріп, сол арқылы өздеріне бағыт-бағдар алады.

Балаға деген махаббат — оның дамуы үшін маңызды элементтердің бірі. Баланың өзі үшін маңызды тұлғаға айналатын ата-анасы мен жақын туыстары баланың сенімін арттырып, оның өзін-өзі бағалауын күшейтеді.

Сәтті тәрбиенің негізі – ата-ананың балаларына беретін адамгершілік құндылықтары. Мейірімділік, адалдық, еңбексүйгіштік және басқаларды құрметтеу – балалардың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың негізі. Ендеше, ата-ана өз балаларына тек білім беру саласында ғана емес, сонымен бірге адамгершілік құндылықтар мен адамгершілік ұстанымдары жағынан да үлгі болуы керек.

Қатаң тәртіп пен еркіндік арасындағы теңгерім — отбасында тәртіпті қамтамасыз ету де маңызды, бірақ бұл балаларға еркіндік беруді білдірмейді. Ата-аналар өз баласына шектеулер қою арқылы оның дұрыс мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге деген сенімін арттырады.

Қорытынды

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуына отбасының ықпалы өте зор. Отбасы баланың психоэмоционалдық дамуына, әлеуметтік дағдыларға, моральдық нормаларды меңгеруге, жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Отбасы — баланың өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі, өйткені оның тұлғалық қасиеттері осы ортада дамиды. Сондықтан ата-аналар мен отбасы мүшелері балалардың дамуына жан-жақты қамқорлық жасап, олардың болашағына негіз болар құндылықтарды сіңіруі қажет. Демек, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі даусыз. Олар бала өміріндегі алғашқы ұстаздар мен тәлімгерлер.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» журналы №5,2014
2. Отбасы және балабақша журналы №6,2014
3. «Балалық шақ» С.Мәулен Алматыкітап 2011ж
4. Интернет желісі.